

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Қазақстан халқы үшін маңызды сайлау өтті. Бұл сайлауда 97,7 пайыздық нәтижемен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жеңіске жетті. Ел сенімін ақтайтын, елі үшін еңбек ететін қайраткер қайта билік тізгінін қолына алатын болды. Бұл сайлауда халықтың бірлігі, ынтымағы, нақты ұстанымы айқын көрінді.

АРШАЛЫ АЙНАСЫ



№19 (446)
1 МАМЫР,
2015 ЖЫЛ, ЖҰМА

АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ
2007 жылдың қаңтар айынан бастап шығады



Аудан әкімінің құттықтауы Құрметті аршалылықтар және қадірлі қонақтар!

Баршаңызды 1 мамыр – бірлік күні, ынтымақ күні, береке мен мызғымас достық күнімен шын жүректен құттықтаймын. Жуықта өткен сайлаудағы бір кісідей дауыс беріп, Н.Ә.Назарбаевқа сенім артқан барлық қазақстандықтардың бұл нәтижелі істерінен баршамыздың бір тудың астында, бір бағытта, бір болашаққа нық қадам басып келе жатқандығымызды

байқалтты. Ендеше, сенім мен анық бағыт ұстанған Қазақстан Республикасындағы барша ұлт өкілдерінің мызғымас достығы жасасын! Барлық шаңырақта бақыт, береке, татулық пен жайсаң өмір болсын! Бейбіт заманда, мамыра жай өмір сүріп, мағыналы күндерді тарих қойнауына қаттай берейік.

Аудан әкімі Ж. НҮРКЕНОВ.



Құрметті жерлестерім!

Менің туып – өскен, өнген, еңбегімнің жемісін көріп, болашақтан игі жақсылық күткен атамекенімнің жаны жайсаң тұрғындары! Баршаңызды бейбітшілік, ынтымақ, береке, бірлік күнімен шын жүректен құттықтаймын. Туған жерім Түрген, өскен жерім Вишневка, біліктілігімді арттырған жерлерім Бірсуат,

Нововладимировка, Вогодоновка совхоздары, бір сөзбен айтқанда қазіргі қасиетті Аршалы жері. Осы жердің қойнауынан астық орып, малын өргізіп, берекесін келтіріп отырған барлық жерлестерімді мерекелерімен құттықтаймын. Денсаулық, байлық, бақыт, ынтымақ, бірлік тілеймін.

П. ГУЛЯ.

*Тракторда тыңдалып, машинада жүйтікпен,
ел сенімін арқалап, сый-құрметке бөленген*

Гуля Петр Иванович 1940 жылы 25 қарашада Вишневка ауданы Түрген селосында дүниеге келген екен. Красное озеро селосындағы мектептің 7 жылдық білімін алған соң да ата – анасына көмектесіп, қолғабыс жасап, ауылдың баласына тән қара жұмыстың барлығына араласқан. Әкесі Иван Григорьевич Гуля, анасы Мария Остаповна 9 баланы дүниеге әкеліп, жақсы тәрбие бере білді. Ұлы Отан соғысы басталғанда бір жаста ғана болған Петр соғыс аяқталып әкесінің аман-есен ауылға қайтқанын еміс-еміс біледі екен. Ел тыныштығын

алып, қан қақсатқан ауыр жылдарда дүниеге келген оның бала кезгі шағы әрине жеңіл өтпегені белгілі. Ер жете анасының қаншалықты ауырлықты арқалай жүріп, балаларының аман – есен болулары үшін жанталасқандығын көз алдына елестеткен сәтте асыл ананың қажырлылығына, шыдамдылығына қайран қалатын едім дейді ол. Өмірдегі еңбек жолын тракторист болып бастап, жүргізушілікті оқып, меңгеріп, арасында 9-10 класстық оқуын да жалғастырып үлгерген Петрдың алға қойған мақсаты үлкен еді.

Елс Жеңістің 70 жылдығына

Мерейлі медальдар табысталды



Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 992 Жарлығымен соғыс ардагерлері мен тылда еңбек еткен еңбеккерлерге «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан

соғысындағы Жеңіске 70 жыл» мерейлі медалімен марапаттау өтті.

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында соғыс ардагерлері мен тылда еңбек еткен еңбеккерлерге арналған салтанатты шара

өткізіліп, В.Н.Зеленый атындағы халық ансамблі бастаған өнерпаздардан әдемі концерттік бағдарлама ұсынылды. Аудан әкімі Жомарт Жұмағалиұлы Нұркенов сол бір кездің ауыр жүгін арқалап, бейбіт күннің шуағына малындырған құрметті жандарға алғысын білдіріп, денсаулықтарының мықты болуын тіледі. Аудандық мәслихат хатшысы Ю.К.Сериков, аудан әкімінің орынбасары А.Е.Мысырәлімова да шын жүректен ақ тілектерін айтты. Соғыс кезіндегі патриоттық сезімді көтеруге ұрандай әсер еткен, жігерлік пен сенімді ұялатқан, жеңіске деген құштарлықтарын оятқан әндер жүрек тебіреніп, жиналғандар сонау көзден кетсе де көңілден кетпеген шақтарын естеріне түсіріп, қазіргі бейбіт заманға тәубе деп, тебіренгендерін жасыра алмады.

Суретке түсірген: Р. САМКОВ

Суретте: Аршалы кентіндегі ардагерлер мен тыл еңбеккерлеріне аудан әкімі Жомарт Жұмағалиұлы Нұркеновтың мерейлі медалдарын табыстауынан үзінді

Жас шаңырақ

Ұлтқа бөлінбеген киелі мекен

Наталья Көбжасарова – ұлты орыс. Қазақ жігіті Русланмен жай достықтары махаббатқа ұласып, одан кейін отбасын құруға уағдаласты. Қазақ отбасындағы келінге қойылатын шарттардан басқа қалай болмасын өзге ұлттың салт-дәстүрі, аталынып өтетін мерекелері, діни ұстанымдары болатындығын ескерсек Наталья үшін бұл қадам әрине батылдык. Бәлкім шыннайы махаббат, сенім, түсінік екі жасты ортақ шешімге әкелген болар. Олардың бұл некесіне екі жақтың да ата-



аналары қарсы болмады. Қазіргі таңда олардың арасында өте жақсы байланыс бар. Наталья болса Қазақстан жерінде туып – өскендіктен мен үшін өзге ұлт отбасы деген ұғым мүлдем болмады

дейді. Керісінше бәрі де ортақ. Наурыз, Жаңа жыл, пасха, ораза, айт мейрамын бірдей мерекелейміз. Дастарханды да жасау қызықты. Әр мереке өзінің ерекшелігімен құнды. Жолдасым сақтандыру саласында қызмет жасайды, мен үй тірлігімен айналысамын. Бос уақытымызда екеуіміз бірге қыдырғанды жақсы көреміз, дейді Наталья. Жас отбасына қуанышты күндерің мол болсын. Береке, ырыс толсын дейміз.

В. БЕЛЫХ

Қамқорлық

Ешкім де, ешқашан да қамықпасын

Жібек жолы ауылдық округінің әкімі Бектас Серік бастаған әкімдік қызметкерлері жуықта арнайы келіп Елбасының тапсырмасына орай Жеңістің 70 жылдығына арналған мерейлі медальді табыстады. Сонау соғыс уақытындағы бейнетке толы еңбегіміздің еленіп, бейбіт күнді жақындатуға қосқан үлесіміз үшін бізге осындай құрмет көрсетіліп жатқанына риза болдым. Сонымен қатар есепшотыма ақша түскенін хабарлады. Бізге қамқорлық танытып отырған мемлекетімізге рахмет. Қазіргі таңда балаларым мен немерелерімнің



арқасында көңілім тоқ, мамыра жай күйдемін. Ал осы есепшотыма түскен ақшаның су тасқынына ұшырап, үйсіз-күйсіз қалған отандастарыма көмек болсыншы деп қолдау жасап, аударылуын өтіндім. Енді бейбіт күнде қиындыққа ұшыраған жандарға қол ұшын беру азаматтық борышым, аналық махаббатым деп

білемін. Ұлы Отан соғысында біздің Жеңіске жетуіміздің бас-ты күшіміз - бірлігіміз еді. Ал қазіргі таңда көп ұлтты мемлекетіміздің болашағының жарқын болуына сеніміміз зор. Себебі, біздің елде ұлтқа бөліну, қиыншылықта тыс қалу деген жат мінез жоқ. Бір шаңырақ астында бір мақсатта өмір өрнегін өріп келе жатқан бақытты көпұлтты елміз. Оның тағы бір дәлелі кешегі өткен Президент сайлауындағы қуанышты нәтиже. Елбасының халқы үшін жасап жатқан ісіне ризашылығымыз білдіреміз.

Г. АҚШИНЕЕВА,
зейнеткер, тыл ардагері,
Жібек жолы ауылы

Мемлекеттік тілде жарық көріп отырған басшымыздың түрлі-түсті болып шығуына көмек көрсеткен Гуля Петр Ивановичті және барлық аршалылықтарды бірлік мерекесімен құттықтаймыз.

Дін және зайырлы мемлекет ұстанымы

Бүгінгі Қазақстанда дін біздің қоғамдық өмірімізде елеулі орынға ие екендігі белгілі, егер қоғамда қандай- да бір жаңа құбылыстар пайда болған болса,оны реттейтін заңнамалық нормалардың қажеттілігінің тууы және ондай тетіктердің жасалуы заңды деуіміз керек. Әлемнің қалыптасқан, дамыған мемлекеттерінің барлығында сол елдердің Конституциясы мен заңдарына дәстүрлі мәдени ұстанымына басымдық берілген. Еліміздің басты заңы - Қазақстан Конституциясында еліміздің зайырлы, демократиялық, әлеуметтік мемлекет екендігі айқын көрсетілген. Осы негізгі заңымызда түрлі діндер мен дінге сенушілердің Қазақстан заңдары алдындағы теңдігі,дін ұстану еркіндіктері нақты бекітілген. Діни қатынастардың соңғы ширек ғасыр ішінде қарқынды дамуы, діни бірлестіктердің санының артуы, халықтың едәуір бөлігінің діни үдерістерге араласуы бұл саладағы Қазақстан заңдарын өмір шындығына неғұрлым жақындатып, қайтадан құрлымдауды талап етті. Себебі бұрынғы заңда діни қатынастардың көптеген қырлары қамтылмай келгендіктен, қоғамдық өмірімізде діни қатынастарда көптеген шиеленістер мен қайшылықтар пайда болды. Ел халқының рухани бірлігі мен кейде денсаулық жағдайларына елеулі қауіп-қатерлер көрініс бергені жұртшылыққа белгілі. Ең бастысы кейбір азаматтар мемлекетіміздің зайырлы сипаттылығын, діни қатынастарды реттеудегі мемлекеттің рөлін жете түсінбеді.

Елбасымыз өзінің сөйлеген сөзінде Қазақстанда діннің мемлекеттен, білім беру жүйесінен бөлінгендігін, мемлекеттің бұл саладағы қатынастарды реттеуден сырт қала алмайтындығын ерекше атап өтіп, діннің аса зор адамгершілік құндылықтарға сүйенетін гуманистік потенциалға екендігін,оны біздің еліміздегі дінаралық келісімді,діни радикалистің алдын алуға, қазақандық патриотизмді дамытуға барынша пайдалану керектігін айтқан болатын.

2011 жылғы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңы» осы салада қабылданған Еуропа және Азияның дамыған елдерінің заңдарының тәжірибесі негізінде ұлттық заңын жаңа үлгісін дүниеге әкелді. Бұл заң Қазақстан мемлекетінің зайырлылық сипатын нақты түрде айқындады мысалы ендігі жерде діни ғұрыптар тек діни ғимараттарда немесе дін ұстанушы азаматтардың өз үйлерінде, зираттарда атқаруға мұрдат берілген,ал мемлекеттік

нысандағы ғимараттарда,зайырлы оқу орындарда діни ғұрыптарды атқаруға заңмен тиым салынды. Сондай-ақ діни әдебиеттерді сараптамадан өткізу, оларды таратудың да нақты ережелері заңмен реттелінген. Зайырлы оқу орындарындағы жүріс-тұрысы киім үлгілері де сол мекеменің ішкі тәртібі ережелеріне сай болу қажеттілігі талап етіледі. Осыған байланысты «Білім беру» заңына,басқа да заңдарға бірқатар өзгертулер мен толықтыруар енгізілді. Біздің еліміздегі мемлекеттің зайырлылық сипатын діни бірлестіктердің саяси науқандарға ұйым ретінде қатынасға тиым салынғанынан да аңғаруға болады. Ал жеке азамат ретінде дінге сенуші саяси науқандарға қатынасуына барлық заңды жағдайлар жасалған.

Қазақстан құқықтық мемлекет ретінде бұл саладағы қатынастарды реттеуде ең алдымен Заңның жоғарылығы қағидасын басшылыққа алған және ол жеке азаматтардың бостандықтарын қорғаудың ең жоғарғы формасы болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зайырлы мемлекеттің негізгі қағидалары мыналар болып табылады:

мемлекеттің зайырлы сипаты және оның институттарының діни конфессияларға қатысты бейтараптылығы;

2) діни сеніміне немесе зайырлы бірлестікке тиістілігіне қарамастан азаматтар мен адамдардың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі; діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі;

халықтың ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрпын, менталдық ерекшеліктерін құрметтеу;

Діни сенім бостандығына байланысты кейбір шектеулер жеке адамдар мен азаматтардың заңды мүдделеріне, денсаулығын қорғауға, адамгершілік қағидаларын сақтауға, еліміздің конституциялық құрлысын, қорғанысын қамтамасыз ету мәселелеріне байланысты болуы мүмкін.

Аталған қағидалар еліміздің негізгі заңы–Конституциямызбен басқа да діни-конфессионалдық қатынастарға қатысты заңдарда айқын әрі нақты көрсетілген. Демек, діни бірлестіктер өз қызметін Қазақстан республикасы заңдары аясында қызмет етіп, өз жұмысын заңдық нормаларға сай ұйымдастыруға тиісті. Дінаралық қатынастардағы заң бұзушылық үшін жауапкершілік діни бірлестіктер мен жеке азаматтар, мемлекеттік органдар мен мемлекет қызметкерлері үшін ортақ.

Қазақстан мемлекетінің зайырлық сипаты діни бірлестіктердің мемлекет-

тен бөлінуі дегеніміз діни бірлестіктер мемлекеттік істерге араласпайды, мемлекеттік қызмет атқармайды,саясатпен айналыспайды. Заң бойынша діни негізде саяси партия құруға тиым салынады. Діни ғұрыптарының мемлекеттік мекемелерде атқарылуына,мемлекеттік қызметпен бірге жүргізілуіне жол берілмейді.

Мемлекет діни бірлестіктердің заңдарын құрметтейді және олардың жұмыстарының өз ұстаным нормаларына сәйкес ұйымдастыруына, соның ішінде дін қызметкерлерін тағайындауға, сайлауға, дін қызметкерлерін сырттан шақыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан заңнамасы діни нормалармен байланысты емес, жалпы адамгершілік қағидаларды ескергенімен дінге негізделмейді. Қазақстанда діни бірлестіктердің қабылдаған актілері заңға негіздеме бола алмайды. Еліміздегі Сот жүйесі де діннің ықпалынан тыс саналады.

Мемлекет азаматтар мен діни бірлестіктердің діни сенімге қатысты құқықтарының жүзеге асуына,діни ғұрыптардың атқарылуына, діни білім алуға, діни әдебиеттермен қамтамасыз етуге, садака алуға және шетелдердегі діндерестермен байланыс жасауға келергі келтірмейді.

Діннің мемлекеттен бөлінуі азаматтарды қоғамдық - саяси өмірден тыс қалдыру дегенді білдірмейді,керсінше мемлекет оларды тең құқылы азаматтар есебінде әлеуметке пайдалы істерге: қайырымдылық, мәдени-ағартушылық, гуманитарлық шараларға тартады. Мемлекет діни бірлестіктерді тура қаржыландырмағанымен,тарихи мәдени маңызы бар діни ғимараттарды қайта қалпына келтіруге, жөндеуге көмектесе алады.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік және басқа да білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие жұмысының зайырлы зайырлы сипатын қамтамасыз етеді. Мемлекет діни бірлестіктердің ішкі істеріне араласпау ұстанымын басшылыққа алып діни автономия құқын тани отыра, Қазақстан азаматтарының діни бірлестіктердің заңды құқықтары бұзылған жағдайда мемлекет заңдық тұрғыдан ол мәселелерге араласу құқығын сақтайды және оны құқықтық заң аясында жүзеге асырады.

Бір сөбен қортындылай келгенде Қазақстан осы зманғы зайырлы мемлекеттер санатына кіреді және біздің елімізде азаматтардың діни бостандықтары мен еркіндіктері толық қамтамасыз етілген.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ ҚАУЛЫ

Аршалы кенті

№ А-151

2015 жылғы 31 наурыз

2015 жылғы сәуір-маусым және қазан-желтоқсанда азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33 бабына, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы 27,28,31 баптарына, «Әскери қызметшілерді запасқа босату және Қазақстан республикасының азаматтарын 2015 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» 2015 жылғы 20 ақпандағы № 1011 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына, «Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы» 2012 жылғы 15 мамырдағы № 620 Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысының 5 тармақ 4 тармақша, 34 тармағы, «Әскери қызметшілерді запасқа босату және Қазақстан республикасының азаматтарын 2015 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» 2015 жылғы 13 наурыздағы №135 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, «Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» 2015 жылғы 20 наурыздағы № А-3/112 Ақмола облысы әкімінің қаулысына сәйкес, Аршалы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2015 жылы сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларындағы 18-ден 27-ті жастағы азаматтарды әскери және басқа да әскерді құру, Қазақстан Республикасы шақырудан босатылған және кейінге қалдыру құқылы еместігі туралы, қарулы күш қатарына жіберу және шұғыл әскери қызметке шақыруды қамтамасыз ету және ұйымдастырылсын.

2. 1 - қосымшаға сәйкес аудандық шақыру комиссиясы құрылсын.

2.1.Шақыру комиссиясының мүшесі орынды себеппен немесе ауырып қалған жағдайда, № 2 қосымшаға сәйкес комиссияның резервтік құрамы бекітілсін.

3. 3 - қосымшаға сәйкес ауданның шақыру комиссиясы жұмыс кестесі бекітілсін.

4. «Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Аршалы аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізуге құқықты мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын бас дәрігері С.Қ. Сембиевке (келісім бойынша):

1) әскерге шақыртудың алдында «Ақмола облысы Аршалы ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне диспансерлік есепте және стационарлық емдеуде, әскерге шақыртушы туралы мәліметті ұсыну;

2) медициналық комиссияларды қызметкерлермен қамтамасыз ету;

3) әскери қызметке шақырту үшін азаматты медициналық куәландыруды өткізуді қамтамасыз етітілсін.

5. «Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігі Ақмола облысының ішкі істер Департаменті Аршалы ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша):

1) «Ақмола облысы Аршалы ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне апта сайын тергеуде жатқан әскерге шақырушылар туралы мәліметті ұсыну;

2) 2015 жылы 1-ші сәуірден 30-ші маусымға дейін және 1-ші қазаннан 31-ші желтоқсан кезеңінде, әскерден жалтарған тұлғаларды, іздестіру үшін 5 полиция қызметкері бөлінсін;

3) әскери бөлімдері әскерге шақырылғандарды жіберу және шығару үшін шақырылған пункте күзет қоғамдық күзет тәртібін қамтамасыз етілсін.

6. «Аршалы ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:

1) шақыру комиссияның жұмысына оргтехникамен, кеңсе тауарларымен, бланктармен, және де медициналық дәрі-дәрмек, медициналық және шаруашылық мүлікпен қамтамасыз ету;

2) «Ақмола облысы Аршалы ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің өтініміне сәйкес Қазақстан Республикасының әскерін құру және басқа да әскери, қарулы күш қатарына шақырылғандары, «Аршалы ауданының әкімінің-аппараты» мемлекеттік мекемесімен қамтамасыз етілген көлікке және де көрнекті насихаттауға қаржы бөлуді қамтамасыз ету;

3) Аршалы ауданының бюджетінде осындай мақсатқа қаралған қаражатты, жалпы әскери міндетті орындауға қамтамасыз етуге байланысты, іс-шараларды қаржыландыруды жүргізу.

7. Қазақстан Республикасының әскерін құру және басқа да әскери, қарулы күш қатарына шақырылғандарға, әскерге шығарып салу салтанаты бойынша іс-шараларды ұйымдастыруды «Аршалы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесімен қамтамасыз етілсін.

8. «Аршалы ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:

1) Әскерге шақыру науқанының басталуы туралы және оны өткізілу барысы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды ұйымдастыру;

2) Аршалы ауданының аймағында жедел әскери қызметке азаматтарды шақыру туралы үгіттеу көрнекілікті орналастыруды қамтамасыз ету және дайындау.

9. Әскерге шақыру комиссиясының төрайымы - әкімнің орынбасары Мысырәлімова Айна Ермекқызына әскерге шақырту алдында кезекті шақыруға есепке қою және шақыруды өткізуге дайындығы туралы мүдделі мемлекеттік мекемелермен және ұйымдармен, Аршалы кенті, ауылдық, селолық округ әкімдерімен қызметтік кеңес өткізсін.

10. Осы қаулыға сәйкес Аршалы кенті, ауылдық, селолық округ әкімдері барлық ісшараларды орындауды қамтамасыз етсін.

11. Жедел әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мәселесіне жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасары А.Е.Мысырәлімоваға, осы қаулыны орындау туралы 2015 жылы 15 шілдеге қарай және 2015 жылы 15 ақпанына дейін аудан әкімдігін ақпараттандырсын.

12. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Аршалы ауданының әкімі **Ж. НҮРКЕНОВ**

Вакцинацияның маңызы

Бүгінде жұқпалы аурулардың алдын алу мәселесі баспасөзде, теледидарда және Ғаламтор кеңістігінде қоғам талқысына кеңінен түсті, бірақ вакцинацияның қауіпсіздігіне күмән келтіретін жарияланымдар көбейіп барады.

Жұқпалы аурулармен күресуде қол жеткізілген жетістіктер профилактикалық екпелермен байланысты екені күпия емес. Осыдан 30-40 жыл бұрын қызылша мен күл ауруының несімен қауіпті екенін(бұл инфекциялардан көз жұмған бала санының көптігі, ал көкжөтелдің әр ауладан естілетіні) түсіндіріп жатудың қажеті жоқ еді. Полиомиелиттен қорқыныш оның салдарларымен байланысты болды, өйткені бұл аурудан бала таңда кенеттен пайда болған салдың кесірінен аяғынан тұра алмаған. Вакцинацияның көмегімен 1978 жылы жер жүзінде бүтін ауылдар мен қалаларды қырмандай қыран табиғи желшешек ауруы жойылды. Құрысқақпен, күлмен, көкжөтелмен сырқаттанушылық түгелдей дерлік азайды. Осыдан келіп халық бұл алалас дерттер жайлы ұмытты, кейін алдамшы ой қалыптасып, бұл вакциналар керек пе, жоқ па деген

мәселе туындады.

Иммунопрофилактика бүкіл дүние жүзінде кеңінен таралды. Екпе – бұл сөзсіз медицина ғылымының жетістігі, ол миллиондаған адамның өмірін сақтап қалуға мүмкіндік туғызды. Екпелер тіпті медицинаның заманауи дамыған сатысында да емдеудің тиімді тәсілдері табылмаған ауруларға қарсы жасалған. Күл, құрысқақ, құтырма – бұл оларға қарсы тіпті ең заманауи антибиотиктер тиімсіз болып табылатын аурулар, олармен ауырған әрбір адам көз жұмады. Қызылша, қызамық, полиомиелит сынды вирустық инфекцияларға қарсы емдеуге арналған сенімді препараттар әлі күнге дейін жоқ.

Сондықтан жұқпалы аурулардың алдын алу денсаулық сақтау саласының басым бағыты болып калуда. Елдің қауіпсіздігін, әр адамның аурулардан қорғалуын қамтамасыз ететін құжаттар мемлекеттік деңгейде қабылданады, осылайша халыққа жоспарлы вакцинация жүргізуді қарастыратын Профилактикалық екпелер күнтізбесі бекітіледі.

Профилактикалық екпелер жоспарлы вакцинациядан басқа

эпидемиялық көрсетімдер бойынша да жүргізіледі: құтырмаға, бруцеллезге, А вирустық гепатитіне, қызылшаға, полиомиелитке, күйдіргіге, туляремияға және көптеген басқа да ауруларға қарсы.

Заманауи вакциналарда қарсы көрсетімдер саны аздап болса да бар, көбісі белсенділігі жойылған(тірі вирустары жоқ, яғни ауруды туындата алмайды), қауіпсіз болып табылады.

Қ а з а қ с т а н д а ғы иммунопрофилактика елдің мемлекеттік саясаты деңгейінде әріхалықтың эпидемиологиялық аманшылығын қамтамасыз етуге қабілетті, жұқпалы сырқаттанушылықты төмендетудің ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады, бұл оны жүргізудің көпжылдық тәжірибесімен дәлелденген.

Есте сақтаныздар, вакцинация балаларды және бар халықты тұтастай алғанда жұқпалы аурулардан қорғап қалудың ең сенімді тәсілі.

А. ВАН,

Аршалы ауданындағы СӨСҚО дәрігері.

■ Сенбілік

КЕНТ ТАЗАЛЫҒЫ-ӨЗ ҚОЛЫНДА

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес, елді мекендерді тиісті санитарлық тәртіпке келтіру мақсатында, Ақмола облысының әкімдігі 2015 жылғы 13 сәуірі және 23 мамыры аралығында (көктемгі) елді мекендерді санитарлық тазалау, абаттандыру, көгалдандыру айлығын жариялаған.

Осыған байланысты, меншік түріне қарамастан, барлық мемлекеттік мекемелер, кәсіпорындар, ұйымдар (АҚ, ЖК, ШҚ, ЖШС – зауыттар, дүкендер, сауда үйлері, шаштараз, дәмхана, ЖЖМС, ТККО, көлік жуу, жөндеу және құрылыс шеберханалары және т.б.) сондай-ақ жеке үйлер:

-аумақтарын (ауласынан жолға дейін) тазалау бойынша «санитарлық бейсенбі», сенбілік ұйымдастыру;

-қоқыстарды (жапырақ, бөтелке, қағаз, мал киі, күл және т.б.) шығару;

-аумақтарында, учаске маңында ағаш, бұтақ болған жағдайда, кесу, құрғақ бұтақтарды шабу,

ағаштарды әктеу;

-ғимарат қасбеттерін, қоршауды эстетикалық түрге келтіріп, маңдайша жазуларын жаңғырту, сыртқы көрнекіліктерді ресімдеу;

-көгал алаңды тәртіпке келтіру, қыш құмыралар сатып алу, кіре беріске гүлдер отырғызу;

-қоқыс салатын контейнерлер сатып алу және орнату.

Апта сайын шығарылатын қоқысқа «Аршалы Су-2030» ШЖҚ МКК келісім шарт жасауды ұсынамын.

Аршалы кенті, ауылдық (селолық) округтері әкімдеріне:

-абаттандыру жұмысына қоғамдық және коммерциялық ұйымдарды, елді мекен тұрғындарының көптеп қатынасуын тарту;

-жұмыс көлемін анықтау, айлық шараларын әзірлеу және орындауын қамтамасыз ету;

-өткізілетін айлық туралы, тұрғындар бастамасымен жүзеге асырылатын үздік тәжірибелер туралы халықты ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

-айлық шараларының орындалуы бойынша ТҮКШ бөліміне апта сайын есеп беруді қамтамасыз ету.

Аршалы ауданының әкімі
Ж.НҮРКЕНОВ

■ Әке соқпағы

Отан үшін жан кешкендер



Әр Жеңіс күні қарсаңында Отан үшін алысып, жан беріскен боздақтарды еске алып, олардың жанқиярлық ерлігіне тағзым ету біздің аға ұрпақ алдындағы перзенттік борышымыз, азаматтық парызымыз. Иә, ешкім де, ешнәрсесі де ұмытылмайды. Ұлы Жеңіс оңайлы-кпен келген жоқ, қаншама боздақ майдан далаларында қалып қетті...

Біздің әкеміз Күзембай Ләтіпұлы 1939 жылы екіжылдық қысқа мерзімді Төрткүл мұғалым-дер институтын аяқтаған бойдан, ол уақытта бұл аймақ Қызылорда облысына қарасты болатын, Қызыл Армия қатарына шақырылды. Украина ССР-і Полтава қаласында жайғасқан 25-ші Чапаев дивизиясы, 104-ші атқыштар полкінің қызылоскер» болды. Кейін әскери даярлықтың үздігі ретінде кіші командирлер даярлайтын Одесса жаяу әскерлер училищесінің курсанты болды. Соғыс басталған соң бұл училище әуелі Батыс Қазақстан облысының Орал қаласына, кейін Чкалов облысының Бузулук қаласына көшірілді. Әкеміз әскери училищені аяқтап, лейтенант атағын алып, Оңтүстік Орал әскери округі 117-ші бекініс ауданының взвод командирі болып тағайындалды. 117-ші бекініс ауданы Оңтүстік майданның құрамында болды. «Фашистік Германияның тұтқиылдан жасаған, опасыздық шабуылы алғашқы кезде бізге, әрине, оңай соқпады. Әуе күштері, жауынгерлік техникасы басым, бақайшығына дейін қаруланған жауға қарсы тұру кеңес жауынгерлеріне алғашқы кезде үлкен қиындықтар әкелді. Бірақ біздің күшіміз мықты бірлікте, қатаң тәртіпте, кеңес халқының интернационалдық мызғымас достығында еді. Отанға деген патриоттық сезім алында қамалға айналды», - деп еске алушы еді сол сұрапыл күндерді әкеміз.

... Лейтенант Күзембай Ләтіпұлының взводы Дондағы Клещки деревнясы үшін болған фаш-истермен бетпе-бет шайқаста ерекше ерлік көрсетті. Батальон командирі әскерлеріміздің орын (позиция) алмастыруын қамтамасыз етуші екенін жау шебін үш сағаттай алға жы –лжытпау тапсырмасын қатаң тапсырған еді. Взвод ерлікпен шайқасып, негізгі күштердің өзеннен өтіп, нығайту позицияларын иеленуіне толық мүмкіндік жасады. Осы шайқаста лейтенант К. Ләтіпұлы аяғынан қатты жараланып, оны қызылоскерлер П. Удалов пен И. Ки-чигин санбатқа жеткізген еді.

Б. ЛАТИПОВ,
Аршалы кенті тұрғыны.

Сол Клещки деревнясының маңындағы ерлігі үшін әкеміз жауынгерлер үшін ең қымбатты да, ең қадірлі болған «Ерлігі үшін» медалімен наградталған еді. Соңғы жарақаты ауыр болып Кемерово қаласындағы №1590 эвагоспитальда 7-ай емделді. Қанша рет майданға, қарулас достарымен бірге болуға сұралса да медкомиссия оны алдыңғы шепте әрекет етуге жарамсыз деп тауып, әскери мүгедектікке шығарды. Осылайша ол Ойрат автономиялы облысы Шебалянский аудандық әскери комиссариатының жалпы оқыту (Всеобуч) нұсқаушысы болып бірақ шықты. 1945-1946 жылдары Ойрат автономиялы облысы Косағаш аудандық әскери комиссариатының 4-ші бөлім нұсқаушысы болды. Әкеміз өмірден өткенше Қорғаныс Министрлігінің запастағы офицері болып, осы министрліктен зейнетақы алып отырды. Әкеміз жауынгерлік ерліктері үшін 1-ші және 2-ші дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгендігі үшін» медалдарымен, соғыстан кейінгі Жеңіс күніне арналған барлық мерейлі медальдармен наградталған.

Әкеміз өмірдегі еңбек жолын Тамды ауданының орталығындағы №1 мектепте оқу бөлімінің меңгерушілігіннен бастады. Одан соң білімді, іскер, орысша сауаты мол жігітті аудандық атқару комитетінің жауапты хатшылығына жұмысқа шақырады. 1950 жылы Ташкент қаласындағы 2-жылдық Республикалық партия мектебін бітірген соң Бұхара облыстық атқару комитеті жалпы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істейді. Кейін отбасылық жағдайлармен туған елге оралып аудандық партия комитеті 1-ші хатшысының көмекшісі, аудандық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1955-1959 жылдары Тамды аудандық партия комитетінің хатшысы, 1959-1963 жылдары Канимех аудандық атқару комитетінің төрағасы, Канимех аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы лауазымдарын атқарды. 1963 жылы Самарқан ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, зоотехник мамандығын алады. Кейін колхоз басқарма төрағасы, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас зоотехнигі, аудандық дайындыру мекемесінің директоры қызметтерін атқарды. 1986 жылы еңбек демалысына шыққан соң Тамды аудандық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы болып көп жыл жемісті еңбек етті. Әкеміз 2005 жылы желтоқсан айында 85 жасында өмірден озды. Аудан экономикасын дамытуға қосқан сүбелі еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Үздік еңбегі», «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен, республика КП ОК, Жоғарғы Кеңесі Президиумы мен Министрлер Кеңесінің Құрмет грамотасымен наградталды. Тамды, Канимех аудандық кеңестерінің, Бұхара облыстық кеңестерінің депутаты болды.

Біздің әкеміз сияқты Отан үшін қан төккен сан мыңдаған кеңес жауынгерлерін: ұрыс даласында қалғандарды елге аман-есен оралғандарды, майдан үшін күн-түн демей жанқиярлықпен еңбек еткен тыл еңбеккерлерін, қатары жыл сайын сиреп бара жатқан соғыс ардагерлерін шын илтипатпен, ұрпақтық алғыс сезімімен еске аламыз. Адамзатты сақтап қалған олардың жанкештілік ерлігінің алдында басымызды иеміз!



Ақмола облыстық «Қазақстан» РТРК» АҚ филиалының 2015 ж. 4 – 10 мамырға дейінгі бағдарламасы «Қазақстан-Көкшетау»

4 мамыр. Дүйсенбі
08.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
08.05 «Таңғы жаттығу»
08.15 М/ф «Ер Тарғынның ажалы».
08.30 «Наше утро». Утренняя познавательная программа
09.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели».
10.00 «Наше утро». Утренняя познавательная программа
10.40 «Актуальная тема». Передача
11.10 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
11.20 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
11.35 «Ел межесі-2050». Тележурнал
11.40 Т/с «Наркомовский обзор». 1 серия
12.30 Т/х «Парыз» 21 серия
13.20 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.30 «Аймақ ақпарат».
14.00-17.00 техникалық үзіліс
17.00 «Аймақ ақпарат».
17.30 «Кеңдерек».
17.40 Т/с «Болашақ». 5 серия
18.30 «Өзекті әңгіме». Тікелей эфир
19.00 «Аймақ ақпарат».
19.35 «Салауат». Передача
19.45 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
20.00 «Пәрменді пікір». Хабар
20.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
20.20 Т/х «Парыз» 22 серия
21.15 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
21.30 «Аймақ ақпарат».
22.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
22.20 Т/с «Болашақ». 6 серия
23.05 Т/с «На пути к сердцу» 7 серия
00.00 «Аймақ ақпарат».
01.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

5 мамыр. Сейсенбі
08.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
08.05 «Таңғы жаттығу»
08.15 М/ф «Ер Тарғын. Ханзада».
08.30 «Арқа таңы». Танымдық таңғы бағдарлама
09.00 «Аймақ ақпарат».
09.45 М/ф «Ер Тарғын. Карткожақ».
10.00 «Наше утро». Утренняя познавательная программа
10.40 «Өзекті әңгіме». Хабар
11.10 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
11.20 «Салауат». Хабар
11.35 «Ел межесі-2050». Тележурнал
11.40 Т/с «Наркомовский обзор». 2 серия
12.30 Т/х «Парыз» 22 серия
13.20 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.30 «Аймақ ақпарат».
14.00-17.00 техникалық үзіліс
17.00 «Аймақ ақпарат».
17.30 «Кеңдерек».
17.40 Т/с «Болашақ». 6 серия
18.30 «Актуальная тема». Прямой эфир
19.00 «Аймақ ақпарат».
19.35 «Ел межесі-2050». Тележурнал
19.45 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
20.00 «Наша служба». Передача
20.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
20.20 Т/х «Парыз» 23 серия
21.15 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
21.30 «Аймақ ақпарат».
22.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
22.20 Т/с «Болашақ». 7 серия
23.05 Т/с «На пути к сердцу» 8 серия
00.00 «Аймақ ақпарат».
01.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

6 мамыр. Сәрсенбі
08.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
08.05 «Таңғы жаттығу»
08.15 М/ф «Ер Тарғын»
08.30 «Наше утро». Утренняя познавательная программа

■ Қоғам

«Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде толық қолдану – біздің міндетіміз»

Тіл туралы Заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді, Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі.

Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайлар жасалған.

Президентіміз Н.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Тілсіз ұлт болмайды. Өз тілімізді сақтау, өз тілімізді құрметтеу отаншылдық рухты оятуға қызмет

09.00 «Аймақ ақпарат».
09.45 М/ф «Ер Тарғын. Сот».
10.00 «Наше утро». Утренняя познавательная программа
10.40 «Актуальная тема». Передача
11.10 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
11.20 «Наша служба». Передача
11.35 «Ел межесі-2050». Тележурнал
11.40 Т/с «Наркомовский обзор». 3 серия
12.30 Т/х «Парыз» 23 серия
13.20 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.30 «Аймақ ақпарат». Ақпараттық топтама
14.00-17.00 техникалық үзіліс
17.00 «Аймақ ақпарат».
17.30 «Кеңдерек».
17.40 Т/с «Болашақ». 7 серия
18.30 «Имею право». Прямой эфир
19.00 «Аймақ ақпарат».
19.35 «Business Idea». Передача
19.45 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
20.00 «Экспертное мнение». Передача
20.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
20.20 Т/х «Парыз» 24 бөлім
21.15 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
21.30 «Аймақ ақпарат».
22.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
22.20 Т/с «Болашақ». 8 серия
23.05 Т/с «На пути к сердцу» 9 серия
00.00 «Аймақ ақпарат».
01.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

7 мамыр. Бейсенбі
08.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
08.05 «Таңғы жаттығу»
08.15 М/ф «Қарлыға»
08.30 «Арқа таңы». Танымдық таңғы бағдарлама
09.00 «Аймақ ақпарат».
09.45 М/ф «Қазан хан».
10.00 «Арқа таңы». Танымдық таңғы бағдарлама
10.40 «Имею право». Передача
11.10 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
11.20 «Business Idea». Передача
11.35 «Экспертное мнение». Передача
11.40 Т/с «Наркомовский обзор». 4 серия
12.30 Т/х «Парыз» 24 серия
13.20 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.30 «Мерекелік репортаж».
14.00-17.00 техникалық үзіліс
17.00 «Мерекелік репортаж».
17.30 «Кеңдерек».
17.40 Т/с «Болашақ». 8 серия
18.30 «Өзекті әңгіме». Тікелей эфир
19.00 «Мерекелік репортаж».
19.35 «Ұлы Жеңіске 70 жыл!». Передача
19.45 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
20.00 «Ақмола КЗ». Хабар
20.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
20.20 Т/х «Парыз» 25 бөлім
21.15 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
21.30 «Мерекелік репортаж».
22.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
22.20 Т/с «Болашақ». 9 серия
23.05 Т/с «На пути к сердцу». 10 серия
00.00 «Мерекелік репортаж».
01.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

08 мамыр. Жұма
08.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
08.05 «Таңғы жаттығу»
08.15 М/ф «Көбікті хан»
08.30 «Наше утро». Утренняя познавательная программа
09.00 «Мерекелік репортаж».
09.45 М/ф «Құртқа сұлу».
10.00 «Наше утро». Утренняя познавательная программа
10.40 «Өзекті әңгіме». Хабар

11.10 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
11.20 «Ұлы Жеңіске 70 жыл!». Передача
11.35 «Ел межесі-2050». Тележурнал
11.40 Т/с «Исчезнувшие». 1 серия
12.30 Т/х «Парыз» 25 серия
13.20 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.30 «Аймақ ақпарат».
14.00-17.00 техникалық үзіліс
17.00 «Аймақ ақпарат».
17.30 «Кеңдерек».
17.40 Т/с «Болашақ». 9 серия
18.30 «Актуальная тема». Прямой эфир
19.00 «Аймақ ақпарат».
19.35 «Спорт Life». Хабар
19.45 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
20.00 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
20.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
20.20 Т/х «Парыз» 26 бөлім
21.15 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
21.30 «Аймақ ақпарат».
22.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
22.20 Т/с «Ел басына күн туса».
00.00 «Аймақ ақпарат».
01.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

09 мамыр. Сенбі
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
09.05 «Аймақ ақпарат».
09.45 К/ф «Орман хикаясы»
11.00 «Ақмола КЗ». Хабар
11.15 «Спорт Life». Хабар
11.30 «Батыр ұрпаққа тағзым!». Мерекелік репортаж
12.35 «Салауат». Хабар
12.45 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
13.00 «Мерекелік репортаж».
13.30 Д/ф «Талғат Бигельдинов»
14.00-16.00 техникалық үзіліс
16.00 «Ұлы Жеңіске 70 жыл!».
Концерт
17.50 «Кеңдерек».
18.00 «Мерекелік репортаж».
18.20 «Пәрменді пікір».
18.30 Д/с «Бауыржан Момышұлы»
19.10 «Qalamtor». Хабар
19.20 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
19.30 «Танымал». Передача
20.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели».
21.00 «Сөзге шешен».
21.30 «Батыр ұрпаққа тағзым!».
Мерекелік репортаж
22.30 «Мерекелік репортаж»
23.00 К/ф «Мергендер»
00.35 «Мерекелік репортаж»
01.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

10 мамыр. Жексенбі
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
09.05 К/ф «Мәңшүк туралы дастан»
10.20 «Мерекелік репортаж»
10.50 «Qalamtor». Хабар
11.00 «Ұлы Жеңіске 70 жыл!». Передача
11.15 К/ф «Соғыстың соңғы жылы еді»
12.30 «Өңір өрнегі» - «Картина недели».
13.30 «Мерекелік репортаж»
14.00-16.00 техникалық үзіліс
16.00 К/ф «Орман хикаясы»
17.20 «Батыр ұрпаққа тағзым!».
Мерекелік репортаж
18.20 «Экспертное мнение». Передача
18.30 Д/ф «Талғат Бигельдинов»
19.05 «Сөзге шешен». Хабар
19.30 «Ақ дастархан». Передача
20.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели».
21.05 «Танымал». Передача
21.25 «Ұлы Жеңіске 70 жыл!». Передача
21.35 Д/ф «Ұлы Жеңісті жақындатқандар»
22.00 «Батыр ұрпаққа тағзым!». Мерекелік репортаж
23.00 «Ұлы Жеңіске 70 жыл!».
Концерт
01.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген саликалы да салмақты ой кім-кімді де бейжай қалдырмаса керек. Мемлекеттік тілді білу, оны жетік меңгеру – уақыт талабы. Десе де, тіл мәселесіне қатысты жасалып жатқан іс-шараларымен шектеліп қалмай, он нышандарымен шыңдала түссек деген тілек бар.

Қазақ тілінің қазақ топырағынан басқа паналайтын жері жоқ екендігін көкірегі ояу, көзі ашық әрбір қарапайым азамат жақсы біледі. Ал, бұл ел тігінін ұстаған жақсы мен жайсандарымыздың, аузы дуалы білімдар данышандарымыздың жатса-тұрса бір сәт ойларынан шықпайтын, саналарына мәңгілік мөр болып басылған түсінік ұстаған калыптасуы керек. Осындай жағдай туғанда ғана тіл мәртебесін көтерудегі ілгері басқан қадамымыз кейін кетпей, алға өрлей бермек.

Г. ШАЯХМЕТОВА,
Аршалы аудандық сотының кеңес меңгерушісі.

■ Сенің азаматың, Қазақстан!

■ Мың тағзым

Өнегелі өмір жолы



Отан алдындағы әсері борышын адал, абыроймен өткерген ол туған жеріне келіп Краснозер совхозында кәсіподақ комитетінің төрағасы жұмысын атқарған. ССКП ОК жанындағы жоғарғы партмектептің филиалында білімін жетілдірген оны Вишневка аудандық комитетінің ұйымдастыру бөлімінің орынбасары қызметіне тағайындайды. Ал 1984 жылы беделді ісі үшін Бірсуат совхозының директоры лауазымына тағайындайды. 1991 жылы бұл жерден Новоалександровка совхозына директор етіп ауыстырылады. 1997 жылға дейін осы жұмысты жоғарғы біліктілікпен, адамдармен тіл табыса алатын кәсіби шеберлігімен беделге ие бола атқарған Петр Иванович «Гуля П.И» шаруа қожалығын құрып, заманға қарай икемделіп, жер қойнауына астық егумен айналыса бастайды. Ұлты украин. Сүйген жары да украин қызы – Евдакия Яковлевна. Өкінішке орай бұл дүниеден озып кеткен, Қазақстан Республикасының құрметті ұстазы, білім саласының үздігі, тарих пәнінің майталманы еді, қашан да күлімдеп жүріп, жағдайымызды жасап, бәріне де үлгеретін жібек мінезді, мейірімді жан еді деп еске алады. Сүйген жарының керемет жан болғанын, араларында үлкен сүйіспеншілік пен құрметтің мәңгілік орын алғанын айтқан Петр Ивановичтің жүзінен Евдакияға деген қимастық сезімін байқауға болатын. Өттеген-ай, өмір заңы солай.... Соңында ұрпағы қалды. Аналық тәрбиесін жақсы бергенінің нәтижесі қазіргі таңда екі ұлы да өз отбасыларын құрып, өздерінің сүйікті істерін дамытып отыр. Игорь хирург боламын деген арманын жинап қойып, әке жолын қуды. Агроном мамандығын игеріп, әкесімен бірге жер қойнауының түгін тартып жүрген жан. Жары Наталья Александровнамен Крестина, Вадим атты ұл – қызды өсіріп отыр.



Қажырлы, қайратты,
мықты механик
В. Штоль.

Ал Олег болса Нина екеуі қыздары Оксана мен ұлдары Антонмен әке үйіне жыл сайын келіп тұрады. Себебі олар Германия еліне қоныс аударған еді. Петр Иванович екі келініне де риза екендігін жасырмады. Келіндерінің ибалы екендігін, қашан да қонақжай, мейірімділіктен ажырамай, өзара сыйластықтарын мықты ұстанып, ағайындардың бірлігін жалғастырып отырғандықтарын қуана жеткізді. Әрбір әке үшін, ана үшін балаларының өмірдегі жартысын дұрыс тауып, өмір соқпақтарында дұрыс қадам басуларының маңызды екендігін қалайтынын білеміз. Петр Иванович те ұрпағы үшін алаңдамайтын болды. Бастысы немерелері де білімдерін шет елдерде де жалғастырып жатыр. Жаксы оқуларымен көзге түсіп, болашақтарынан үлкен үміт күттіруде. Ал ұлы Игорь әке жолын қуып, 1,5 мың гектар жерді бірге игерісіп, ел игілігіне қызмет жасап жатыр. Жаңа екі «Вектор» комбайны, 3 бірлік косемсот, жалғанбалы электрлі тұқым себу техникасы, жер тырма сияқты қажетті құрылғылар да жеткілікті. Ең бастысы сенімді жұмыскерлері бар. Смоляк Виктор Петрович, Смоляк Влад Викторович, Штоль Владимир Яковлевич, Пшеничко Михаил Викторович, Асамбаев Валерий, Павленко Иван Николаевич, Павленко Николай Иванович, сонымен қатар ең керемет аспазшы Павленко Надежда Ивановна. Қазіргі таңда Петр Иванович 75 – тің белесін ауқымдап қалса да әлі тың, қағытпа қалжыңымен айналасына нұр шашып отыратын мейірімді жан екен. Ең бастысы жердің қадірін білетін жанның ұлы да әке кәсібін жалғастырып отырғаны. Бұл Елбасының отбасылық кәсіптің дамуы – әрбір отбасында ынтымақ пен бірліктің нығаюына, нәтижесінде береке мен жүйелілікке жол ашатындығында екендігін білдіреді.

ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН АЯУЛЫ ЖАНДАР

Ұлы Отан соғысы басталғанда майданға жасы жеткен ер-азаматтармен қатар қаншама нәзік жандар да аттанғанын күнделікті деректерден естіп, біліп жатырмыз. Олардың қан майдандағы ерліктерін, қасық қаны қалғанша отан үшін жанталасқан жанкештіліктеріне қайран қаламыз. Ерлік істері еленіп, батыр атағын алып, бейбіт күннің куәсі болғандары ешқашан да сонау майдан төсінде мәңгілікке көз жұмған жауынгер достарын ұмытпақ емес. Соғыс деген үрейлі сөз енді естілмесін дейді қазір самайын ақ шалған, жүзін әжім басқан, кеудесі толы медаль-орденді ардагерлеріміз. Ал осы ардагерлеріміздің сол майдан шебінде жылы киініп, тамақтары тоқ болсыншы деген ниетпен өздері жалаң аяқ, жалаң бас, аш құрсак жүріп, «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деп бар күш – жігерін салған тылдағы еңбеккерлердің еңбегіне қалай бас имейміз?! Кәрі шал, кемпір мен аналардың, бұғанасы қатпаған балалардың маңдайына жазылғаны сол кездегі ауыр тауқыметті қазір сексеннің үстіне шыққан әрбір қария жүректері қан жылап естеріне алады. Өздерінің тамақтарынан өтпей, бір ұыс астықты қалт-құлт етіп, алтындай ардақтап, қапқа салып, көздері жәудіреп, майдандағы әкелеріне, аға-апаларына жіберіп жатқан кездері әлі естерінде. Сол кезде аналардың жас босанып отырғанына да қарамастан, шиет-

тей балаларының үйде қараусыз қалғанына да мойын бұруға шамалары келмей, шөп шабу, жер жырту, астық егу, бидай тазалау, диірмен тасын айналдыру, мал қарау, пима басу, қолғап току тағысын тағы жұмыстарды күн-түн демей атқарып, ауыр жұмыспен бала тәрбиесін бірге алып жүрген аяулы аналарымыздың жігерлісіне, қайраттылығына, шыдамдылығына қайран қаламыз. Оларға қазіргі таңда бала болып қандай құрмет көрсетіп жатыр екенбіз деп те ойланамын. Тыл еңбеккерлері! Осы жандар жеңісті жақындауына мол үлес қосты. Олар қандай болмасын құрметке ие екендігін ұмытпайық. Биылғы жылы Ұлы Отан соғысындағы жеткен Жеңіске 70 жыл қарсаңында тыл еңбеккерлеріне де медаль беріліп, сыйақы тағайындалды. Әрбір әкімдік қызметкерлері сол мекенжай бойынша өмір кешіп жатқан тыл еңбеккерлеріне арнап салтанатты шара ұйымдастырып, медальдарын табыстады. Аршалы ауданының Волгодон селолық округінің әкімі Ж.Д.Көселбаев, осы округ бойынша аудандық мәслихат депутаты Б.Қ.Бектеміров бастаған топтың ұйымдастыруымен «Алтын» дәмханасында салтанатты марапаттау өтті. Бұл шараға аудан әкімі Ж.Ж.Нұркенов қатысып, жиналған қайратты қарияларды жеңіске қосқан үлкен үлестері үшін шын жүректен құттықтады. Мемлекет басшысының арнайы



үкімімен беріліп жатқан сый – құрметтерін табыстады. Қ.Китайбекова, А.Назаренко, А.Ганчерова және басқа ақ жаулықты аналарымыздың ойына сол бір кездегі ауыр жағдайы, балалық шақтың ұрланып, тез ержетуге мәжбүр еткен аты өшкір соғыстың зардабы түсіп, көздеріне жас толды. Бұл жас ауыр күндердің көлеңкесін шайып кетсін, енді тек қана қуаныш жасы болсын деген тілек білдіреміз. Майданда жаумен жағаласқан ардагерлеріміздің де, тылда ауыр еңбекте бел жазбай, ұйқы көрмей тырбанған еңбеккерлеріміздің барлығына да мың тағзым.



Аудан әкімі Ж.Нұркенов, округ әкімі Ж.Көселбаев, аудандық мәслихат депутаты Ю.К.Сериков және Б.Бектеміров Волгодон ауылындағы Л.М.Исакова мен М.И. Назаренко және оның жұбайы А.Ф.

Назаренконы арнайы үйлеріне барып құттықтады, медалдарын табыстады.

Қойгелді ауылында тұратын О.С.Калистратова мен П.Д.Сабянинаны округ әкімі Ж.Көселбаев пен аудандық мәслихат депутаты

Б.Бектеміровтың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Гүлзада Жекебаеваның арнайы барып, медальдарын табыстағаны қариялар үшін үлкен қуаныш болды.

Шөберелер шуағы

Қойгелді ауылында тұратын Пелагея Денисовна Сабянина сонау соғыс уақытын көзіне жас алмай айта алмайтыны қарияның жасаураған жанарынан аңғарылды. Бейбіт заманда балаларының, немерелерінің, шөберелерінің ортасында өмір кешіп жатқан кей-уананы сонау соғыстың қасіретті шағы жүрегінде жазылмас жара салғаны айдан анық еді. Бала болып ойнамаған, бойжеткен болып қыдырып, би кештерінде шаршамаған оның, өзімен замандастарымен бірге өткізген ауыр еңбек жолдары ұрпаққа сабақ, өнеге емес пе? Жеңісті жақындатқан тыл ардагерлерін құрметтеу біздің парызымыз. Енді олардың көздеріне жас толмасын, жүректері қайғыдан қарс айырылмасын. Олар құрметке лайық жандар.

Бетті дайындаған
МАХМЕТҚЫЗЫ



САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР НАЗАРЫНА!

Аршалы ауданы бойынша Салық басқармасында қызмет этикасын сақтау және жемқорлықпен күрес сұрағы бойынша комиссия жұмыс істейді. Салық органының мемлекеттік қызметшілері қызмет этикасын және /немесе/ заңнаманы бұзушылық деректерін хабарлау үшін, Сіз осы «сенім телефонына» хабарласа аласыз: 8(71644)2-20-32, 8(71644)2-12-87.

Меншік иесі: «Аршалы – инфо» ЖШС
Газет аудан әкімінің қолдауымен шығады

РЕДАКТОР
М.А. АЖЫҚАНОВА.

Біздің мекенжайымыз және телефонымыз: 020200, Аршалы кенті, аудандық әкімдік, 1 қабат. Байланыс телефоны: жарнама бөлімі – 2-13-57. Хабарландыру және жарнама мазмұнына жарнамашы жауап береді. Жарияланған мақалалардағы автор көзқарасы редакцияның ой-ұстанымын, пікірін білдірмейді.

Апталық таралымы 271 дана. Көлемі 2 баспа табак. Тапсырыс № 1 Индекс: 65815. Газет теріліп Астана қаласы, Брусиловский көшесі, 87, «Астана Полиграфия» АҚ басылады.